

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасы



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮИЕСІН ДАМУДЫҢ
КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒЫТТАРЫ.
ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»**

атты 3-ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2013 жыл



Алматы 2013



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасы



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ
БАҒЫТТАРЫ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»**

атты з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
(жыл сайынғы Халиков оқулары)

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2013 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

Жауапты редакторлар:

заң ғылымдарының докторы, профессор *Р.Е. Жансараева*
заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А.Д. Байсалов*
заң ғылымдарының кандидаты *Е.Т. Нұрмағанбет*

Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін дамытудың концептуалды бағыттары: отандық және халықаралық тәжірибе: з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары) материалдары. 28 ақпан 2013 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 264 б.

ISBN 978-601-247-900-3

Жинаққа «Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау жүйесін дамытудың концептуалды бағыттары: отандық және халықаралық тәжірибе» атты з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары) материалдары енген. Жинақ заңгерлерге, көпшілік оқырманға арналады.

МАЗМҰНЫ

Алиев Талех Рамиз оглы РАЗВИТИЕ ОБЫЧНОГО ПРАВА НАРОДОВ АЗЕРБАЙДЖАНА	6
Алимкулов Е.Т. ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ОТНОСИМОСТИ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ.....	9
Андреева Л.А. К ВОПРОСУ О РАЗГРАНИЧЕНИИ АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРАВОНАРУШЕНИЯ И ПРОСТУПКА.....	13
Аратұлы Қ., Абдуримов А. КОМПЬЮТЕРЛІК ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	20
Арын А.А. ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАП АЛҒАНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР	25
Атаханова Г.М. ПАЙДАКҮНЕМДІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БІР ТҮРІ	29
Ахметев Е.Б. ЭВОЛЮЦИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ШАНХАЙСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ СОТРУДНИЧЕСТВА С КОНВЕНЦИОННОГО МЕХАНИЗМА ОБЕСПЕЧЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ИНСТИТУЦИОННОЙ.....	32
Базилова А.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ	35
Байсалов А.Д. БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАСЫН РЕТТЕЙТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	43
Баяндина М.О. К ВОПРОСУ О ВВЕДЕНИИ ИНСТИТУТА ПРОЦЕССУАЛЬНОГО СОГЛАШЕНИЯ В УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РК	45
Бейжанова А.Т., Ахметова З.Б., Аликбаева А.Б. ҚАРЫМ ҚАТЫНАС МАРКЕТИНГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	49
Берсугурова Л.Ш. О ГАРАНТИЯХ ПРАВ ЛИЧНОСТИ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	54
Берсугурова Л.Ш., Ердосов А. К ВОПРОСУ О СУЩНОСТИ ПЕРЕСМОТРА СУДЕБНЫХ РЕШЕНИЙ В ПОРЯДКЕ НАДЗОРА	57
Бижанова А.Р. ШЕТЕЛ ЗАҢНАМАЛАРЫ БОЙЫНША ЖАЛҒАН АҚША МЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ЖАСАҒАНЫ, САТҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК	60
Бисенғали Лилия ОСОБЕННОСТИ ПЕРВОНАЧАЛЬНОГО ЭТАПА РАССЛЕДОВАНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ	63
Бисенова М.Қ. КІНӘ ДӘРЕЖЕСІ МЕН КІНӘ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДАМУЫ.....	70
Бурчихин А.Н. ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПЛЕНИЙ СРЕДИ ЛИЦ, ОСВОБОЖДЕННЫХ УСЛОВНО- ДОСРОЧНО, В ЗАРУБЕЖНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ	74
Власенко Ю.Л. [*] КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ ЭКОЛОГО-ПРАВОВЫХ ПРОЦЕССОВ	81
Гальцов В.С. «ДЕЛОВОЙ РИСК» КАК ПОНЯТИЕ НЕОБХОДИМОЕ ПРИ ПРАВОВОЙ ОЦЕНКЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУКОВОДИТЕЛЕЙ СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	84

желілерді пайдалану арқылы жасалады. Қылмыс саны мен қылмыс түрі тоқтамай өсіп келеді. Ал компьютерлік қылмыстармен күресу үшін шығарылған заң нормалары екінші онжылдықтың соңына таяулап қалды ешбір өзгеріссіз сол қалыпта тұр. Осыдан көретініміз, қылмыстардың дамуы мен олармен күрес жүргізу арасындағы арақашықтық қандай қарқынмен өсіп бара жатқаны, екеуі салыстыруға да келмейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне келетін болсақ, жиырмасыншы ғасырдың соңында компьютерлік қылмыстарға қатысты қолданысқа енгізілген құқық нормалары еш өзгеріссіз және толықтыруларсыз тұр. Бұл нормалардың дұрыстығында күмән жоқ, бірақ заман талабына сай бұл нормаларды жетілдіргеніміз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Батурин Ю.М., Жодзинский А.М. Компьютерная преступность и компьютерная безопасность. – Москва: Юрид. лит., 1991. – 156 б.
2. Батурин Ю.М. Проблемы компьютерного права. – Москва, 1991. – 115-бет.
3. ҚазКСР Азаматтық кодексіне комментарий. – Алматы, 1990. – 538-бет.
4. Ожегов С.И. Талқылау сөздігі: «бір қалыпқа, стандартқа келтіру» – 1990 жыл. – 22-басылым. – 832-бет.
5. Советы Казахстана. Журнал. – Алматы, 1992. – 18/2.
6. Казанцев В.В. Криминалистическое исследование средств компьютерных технологий и программных продуктов. – Москва, 2008.
7. 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 2-тарауы, 20-бабы.
8. Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 26 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» №233-ІІ Заңы.
9. Толығырақ қараңыз: Қазақстан Республикасының 2007 жылы 11 қаңтарда қабылданған «Информатизация туралы» Заңы (8 мамыр 2003 жылы қабылданған «Информатизация туралы» Заң күшін жойған).
10. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы қабылданған Қылмыстық кодексінің 227-1-бабы (16 шілде 1997 жылғы №167-І қолданыстағы Қылмыстық кодексін қараңыз).
11. Сеитов Т.Б. Правовые аспекты компьютерной преступности в зарубежных странах и в Казахстане: Учебное пособие. – Алматы: Дәнекер, 1999. – 14-бет.
12. Ожегов С.И. Модификация – «түрін өзгерту», 1990. – 22-басылым. – 359-бет.
13. Сеитов Т.Б. Правовые аспекты компьютерной преступности в зарубежных странах и в Казахстане: Учебное пособие. – Алматы: Дәнекер, 1999. – 14-бет.
14. Нақтырақ қараңыз: Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі. Ресми мәтін. – Москва: ИНФРА-М-НОРМА, 1996.
15. 1999 жылдың 20 қаңтарында қабылданған ҚР Үкіметінің «ҚР-ның электрбайланыс желілеріндегі арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді қамтамасыз етуі бойынша шаралар туралы» №1937 қаулысы.
16. Мазуров В.А. Компьютерные преступления. // Оқу-тәжірибелік құралы. – Москва: Палестип Логос, 2002.

*Арын Айжан Арынқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
заң факультетінің қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және
криминалистика кафедрасының
ассистенті, құқық магистрі*

ЖАУАП АЛУ ТАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАП АЛҒАНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР

Аннотация. Жауап алу - дәлелдеме жинаудың ең көп тараған тәсілі. Сонымен қатар, жауап алу күрделі тергеу әрекеттерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің 80 % жуығы куәлердің, жәбірленушілердің берген жауаптарына негізделіп отыр. Қылмыстық істерді тергеу заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін қолданып, өткізу арқылы жүргізіледі. Бірақ, қылмысты дер кезінде ашып, керекті дәлелдемелерді кідіртпей, дер кезінде жинап алу үшін тергеуші заңда көрсетілген тергеу әрекеттерін жүргізу ережелерін шектелмейді. Қай тергеу әрекетін жүргізгенде дәлелдемелер жинап алу үшін осы сәтте қолайлы, ұтымды тергеу әрекетінің нәтижелігін арттыруға бағытталып, заңға қайшы келмейтін әдістер мен тәсілдерді қолданады.

Мұндай әдістерді қолданудың негізгі мақсаты, ол қылмыстың ашылуына кедергі жасау үшін қолданатын айла-әрекеттерін әшкерелеп, іс бойынша объективті дәлелдемелер жинау.

Түйінді сөздер: жауап алу тактикасы, жәбірленуші, сезікті, куә, айыпталушы, тергеуші, психологиялық байланыс.

Aryn Ayzhan Arynk

Master of Law

Al-Farabi Kazakh National University

Assistant of Criminal Law

Criminal Process and Criminalistics

PARTICULAR INTERROGATION TACTICS AND TACTICAL METHODS USED IN INTERROGATION

Abstract. Interrogation is the most common method of gathering evidence. Moreover, interrogation is one of the most complex investigative actions.

Today, approximately 80% of the evidence in criminal cases is based on the testimony of a witness or victim. Investigation of criminal cases is applying investigative actions described in the law. But for the timely detection of crime and collecting the necessary evidence the investigator is not limited by the rules of the investigative actions. The investigator uses more advantageous and convenient, and more effective investigative actions for the collection of evidence according to law.

The main goal of this method is to expose tricks that prevent detection of crime and gather objective evidence in the case.

Keywords: interrogation tactics, victim, suspect, witness, defendant, investigator, psychological connection.

Жауап алу бұл- істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы көрсетулерді заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процессуалдық (тергеулік және соттық) әрекет.

Іс жүргізу жағдайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар. Атап айтқанда: жәбірленушіден, сезікті адамнан, куәден, айыпкерден жауап алу деп, бұл тергеу әрекеті төрт түрге бөлінеді. Кімнен жауап алынса да, ол қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиісті. Бірақ іс бойынша неғұрлым көп, маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда, бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ ол қаншалықты тиімді болғанымен, ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынандай мәліметтер: қылмыстың болған уақыты, оның орны, амал-әдісі, қылмысты кімдердің жасағаны, оған қанша адамның қатысқаны, істеген қылмыстың зардабы, залалы, сипаты мен мөлшері және қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары анықталады. Бұлар - заңда көрсетілген, міндетті түрде дәлелдеуге тиісті -жағдайлар, қылмысты оқиғаға тікелей қатысы бар деректі мәліметтер. Сондай-ақ, жауап алу арқылы тікелей қылмысты оқиғаға қатысы жоқ, бірақ қылмысты ашуға керекті аралық мәліметтер де алынады. Айталық, қылмыскердің қайда екенін, оның мекен-жайын білу үшін қылмыскердің ең жақын адамдарынан жауап алуға тура келеді. Жауап алудың мұндай аралық түрінің, қылмысты ашуға тікелей қатысы болмаса да, істі тез ашуда, қылмыскерді тауып ұстауда, істің кейбір мән-жайын анықтауда үлкен маңызы бар.

Жәбірленушінің, куәнің жауаптары істегі басқа деректерді нақтылап, тергеушінің, соттың оқиғаның мән-жайына толық қанығып, тиісті шешім қабылдауына зор-септігін тигізеді. Дегенмен, болған қылмыстың мән-жайын қылмыскердің өзінен артық ешкім білмейді. Сондықтан қылмысты мойындап, өз қателігін дұрыс түсінген қылмыскерден аса маңызды мәліметтер алуға болады. Бірақ оны асыра бағалап, оған ерекше сенімділікпен қарауға болмайды. Өйткені, істегі деректердің дәлелдемелік күштері бірдей, бірінен-бірінің артықшылығы жоқ. Сондықтан қылмыскердің қылмысын мойындап, берген жауабына да сын көзбен қарау керек. Тіпті, кей жағдайларда қылмыскердің ауыр қылмысын жасыру үшін, бір ұсақ қылмыстарын мойнына алып, тергеушіні осыған сендіріп, өзінің жасаған ауыр қылмыстарынан құтылып кетуге тырысуы мүмкін. Айып істегі барлық деректердің тұжырымды қорытындысына ғана негізделуі тиіс [1].

Статистикалық мәліметтер көрсеткендей бүгінгі күні қылмыстық істер бойынша дәлелдемелердің 80% жуығы куәлардың, жәбірленушілердің берген жауаптарына негізделіп алынады.

Сондықтан да жауап алу сияқты тергеу әрекеттерінің маңыздылығына мұқият назар аудару керек.

Жауап алушы тұлға (тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот) жауап алудағы өзінің ерекше қызығуын сезініп, жоғарғы деңгейдегі кәсіби және адамгершілік қасиеттерін таныта білуге тиіс. Жауап алу қазіргі күні дәлелдеме жинаудың ең көп тараған тәсілі болып табылады және оны жүргізу тергеушіден жалпы және кәсіби мәдениеттілікті, адамдардың психологиясын терең білуді, жауап алудың тактикалық тәсілдерін жоғарғы деңгейде меңгеруін талап етеді.

Жауап алу арқылы жасалынған қылмыстың мән-жайлары жөнінде қажетті деректі мәліметтер алынып, олар қылмысты ашуға пайдаланылады. Әрбір істі жүргізу мақсатына қарай жауап алынатын адамнан жауап алудың саналуан айла-тәсілдері бар, бірақ жауап алу қандай түрде заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуге тиіс. Жауап алғанда қылмыстық іс бойынша мүмкіндігінше неғұрлым барынша көп, әрі маңызды мәліметтерді жинап, осы тергеу әрекеттерінің сапасын арттыру үшін барынша ыңғайлы тәсілдерді қолдана отырып жүргізу қажет.

Жауап алу кезінде тергеуші жауап алынушы адаммен белгілі бір психологиялық қарым-қатынасқа түседі. Жауап алу процесін жүргізу кезінде бұл қатынасты екі жақты психологиялық қағидалар арқылы қарастыруға болады- психологиялық байланыс және психологиялық күрес [2].

Психологиялық байланыс адамдар арасындағы кез келген қарым-қатынастар арқылы ақпараттар алудың негізгі шарты болып табылады.

Психологиялық байланыс жауап алу кезінде жауап алынушымен коммуникативтік байланыс орнатуға, оның тергеушіге деген эмоциялық сенімділігін арттыруға және осы іс бойынша көрсетулер беруге ықпал етеді.

Тергеуші мен жауап алынушының арасындағы байланыс деп бұлардың арасындағы жауап берушінің тергеушіге қажетті ақпараттарды мәлімдеуге итермелейтін психологиялық жағдайдың орнауын айтамыз.

Жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнату үшін тергеуші ол туралы қандай мәліметтер жинауы қажет: оның психологиялық ақыл құрылымы, моральдық қасиеттері, қызығушылығы, байланыстары және т.б.[3].

Жауап алуды тактикалық тұрғыдан қамтамасыз ету бастапқы мәліметтер жиналған соң ғана іске асырылады. Себебі тергеуші тактикалық айла тәсілдерді қолдану үшін өзі барлық мән-жайларды өте жақсы білуі керек. Жауап алу кезінде орынды сұрақ қоя білу тиімді жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл сұрақтардың қатарына толықтырушы, нақтылаушы, еске түсіруші, бақылап тексеруші және әшкерелеуші сұрақтарды жатқызуға болады.

Толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар әдетте алынған мәліметтерді толықтыру, нақтылау үшін, кемшіліктерді болдырмау үшін қойылады. Еске түсіруші сұрақтар жауап берушінің ойлау қабілетін арттырып, оқиғаның мән-жайын егжей-тегжейлі есіне түсіруге көмектеседі. Бақылап тексеруші сұрақтар алынған жауаптарды тексеру үшін қойылады. Әшкерелеуші сұрақтар жауап берушінің жалған жауаптар беріп шындықты жасырып қалмақшы болған кезде кенеттен қойылады. Бұл сұрақтарды қою үшін тергеуші алдын-ала басқа да жауапқа қатысы бар дәлелдемелерді жинап жүйелеп алса, ыңғайырақ болады.

Бірақ та, қойылатын сұрақтар жетекші болмауы керек, яғни сұрақтың өзінде сол сұрақтың жауабы болмауы тиіс. Әсіресе, бұны жасөспірімдерден жауап алған кезде ескерген дұрыс, өйткені ол тергеушінің өзі солай айтып тұрса, онда ол оның шын айтуы тиіс деп тұжырымдап қостай салуы мүмкін.

Жауап алу егжей-тегжейлі мұқият жүргізілуі қажет, ең күтпеген жағдайларға дейін қарастырып, олардың әрқайсысына айла-амал ойластырып қойған жөн. Тәжірибеде жауап

алу кезінде қылмыстық іс бойынша дәлелдемелік заттарды көрсету арқылы шынайы жауаптарға қол жеткізу жиі кездеседі.

Әрекеттесудің екінші жағына – психологиялық күресті жатқызуға болады. Психологиялық тұрғыдан бұл қарым-қатынас олардың көзқарастарында қарама-қайшылықтардың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән жайын толық айтып отырса, мұндай жағдай пікір-қайшылығы жоқ жағдай деп саналды.

Ал, егер жауап беріп отырған адам жалған жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалғарса, мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Жауап алу кезінде психологиялық байланыс міндетті компонент болып табылады. Ал пікір-қайшылығы жоқ жағдайда процеске қатысушылар арасында психологиялық күрес болмайды. Бірақта іс бойынша толық мәлімет алу үшін осы екі жағдайда да белгілі бір тактикалық әрекеттер қолданылады.

Бірінші жағдайда тергеу әрекеттері ұмытылып қалған оқиғаның кейбір мән-жайын жауап беріп отырған адамның есіне түсіруге бағытталса, екінші жағдайда тактикалық әдіс жауап беріп отырған адамның өтірігін шығарып әшкерелеп, оны шындықты айтуға мәжбүр етуге бағытталады.

Мұндай жағдайда айыпкердің өтірігін әшкерелеу үшін қолданылатын ең бірінші тәсіл-жауап беруші адамнан неғұрлым толық жауап алу, ұсақ оқиғалардың барлығын қамту болып табылады.

Біріншіден, бұл мұнда ең елеусіз сәттерге дейін ескеріліп, жауап алынуы, олар тексерілген кезде дәлелденбесе жауап беруші адамның өтірігін шығаруға көмектеседі.

Екіншіден, жауап беруші жалпы оқиға бойынша беретін жауабын алдын ала дайындап келгенімен, сұрақтың бұлай қойылатынын білмегендіктен, ол жауап бергенде шатасып өз өтірігін өзі шығарып алады. Жауапкер адамның өтірік айтып отырғанын әшкерелеу үшін, істе осы факті бойынша жиналған басқа дәлелдемелерді, заттай дәлелдемелерді барынша толық пайдалану керек.

Мысалы Б.Г. Розовский жауап алынып отырған айыпталушының бірі шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер бере отырып, бірақ та ол тек қана шындықты айтып отырмын деп сендіріп отырса, онда оған өзінің сыбайласының көзінше осы сөзді айтуды ұсыну керек дейді [4]. Осы жауап алынып отырған адамның келісімімен жауап алу кезінде, оның серігін кабинетке кіргізіп, оған «Мен осы іс бойынша барлық шындықты айттым» деп айтқызып, осыдан кейін серігін дереу алып шығып кету керек дейді.

Міне, бұл жерде қарап отырсақ тергеуші жауап алынып отырған адамды алдап отырған жоқ, оған өзінің айтқан сөзін қайталану арқылы оның серігіне психологиялық әдістерді қолдана отырып шатастыру арқылы шындыққа сәйкес жауап алуға тырысады.

Ал керісінше кейбір ғалымдар, мысалы И.Ф. Пантелеев, М.С. Строгонович жауап алудың психологиялық әдістерін қолдану, тергеушілер үшін заңға қайшы және тыйым салынатын әрекет деп көрсетеді [5].

Дегенмен жауап алудың психологиялық әдістері қаншалықты тиімді болғанымен, ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек.

Тергеу процесінде құқық бұзушылармен және басқа адамдармен кездесе отырып, тергеуші заң талаптарын түсіндіру жолымен, өзінің қарым-қатынасымен, түйсігімен, мәдениетімен, табандылығымен және алға қойған мақсатымен тергеліп отырған адамға шындықты айтуына ықпал жасауы тиіс.

Сонымен қатар, қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізудің сапасын арттыру үшін тергеушілерді мамандандыру қажет.

Белгілі бір санатқа арналған жүйелі тергеу жұмыстары, тергеушілердің кәсіби деңгейінің жоғарылауына жағдай туғызады әрі қылмысты жасауға итермелейтін барлық себептер мен шарттарды терең, толық және жан-жақты зерделеуге, қылмысқа қарсы күрестің неғұрлым оңтайлы алдын алу шараларын таңдап алуға мүмкіндік береді.

Жауап алғанда қолданылатын тактикалық әдістер. Жауап алғанда тергеуші мен жауап беруші адамның арасында белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады. Психологиялық тұрғыдан ол қарым-қатынас олардың көзқарасында қайшылықтың бар-жоғына байланысты орнығады. Егер жауап беріп отырған адам өз еркімен шындықты, істің мән-жайын толық айтып отырса, мұндай пікір қайшылығы жоқ жағдай деп есептеледі.

Ал, егер жауап беріп отырған адам жалған жауап беріп, істің кейбір мән-жайларын жасырып, айтқысы келмей жалтарса, мұндай жағдай келіспеушілік, яғни қайшылықты жағдай деп саналады.

Іс бойынша толық мәлімдеме алу үшін осы екі жағдайда да белгілі бір тактикалық әрекеттер қолданылады.

Жедел-іздістіру деректерін пайдаланудың барлық әдістерін егжей-тегжейлі сипаттап беру мүмкін емес. Өйткені ол тексерілетін нақты іске байланысты өзіндік ерекшелігімен, өзіндік тәсілдерімен анықталады. Дегенмен, криминалистика ғылымы жедел-іздістіру деректерін пайдаланудың жалпыға, мейлінше ортақ бірқатар тәсілдерін ұсынады. Ондай тәсілдер төмендегідей:

жауап алу барысында сұрақтардың сипатына орай айыпкер оның шыққан көзін байқап қалатын деректерді пайдаланбағаны жөн;

егер қолданылған шаралардың барысында айыпкердің қылмыстық жолмен жинаған құнды заттары, мүліктері, т.б. заттай айғақтары жасырылған жерлерді анықтайтын қайсыбір деректер табылса, ол заттарды, не мүліктерді тергеу әрекеттері (тінту, т.б.) арқылы қолға түсіріп, содан кейін ғана оның нәтижелерін, жауап алу кезінде пайдалану ете орынды болады. Мұның өзінде бұл заттай дәлелдемелердің қалай алынғандығын айыпкер білмеуі тиіс;

жауап алу барысында қаралатын іс бойынша барлық айғақтарды айыпкерге толық көрсетуге асықпау керек. Мұндай асығыстық тергеу орнына қайсыбір заттай дәлелдемелердің қалай түскенін айыпкердің байқап қалуына соқтыруы мүмкін;

егер жауап алушыға жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысында анықталған қайсыбір фактілерді жауап алу жөніндегі хаттамаға енгізу қажеттігі туындаса, ол фактіні растайтын жәйттерді (уақытқа, тұраққа т.б. байланысты) алдын ала мұқият тексеріп алу керек. Егер жауап беруші тергеушінің назарын аударған мәселеге қажет қосымша деректерді білдірсе, ол деректер ұсақ-түйегіне дейін сұралып, кейін егжей-тегжейлі тексерілуі тиіс [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Криминалистика: Оқулық // Е.Ф.Жәкішев, Ә.А.Исаев, Г.Х.Найманова, Р.Б.Тапалова, Н.С.Темірболат. – Алматы: Қазақ университеті 2005 жыл
2. Ратинов А.Р. Судебная психология для следователей. – М. 1987.
3. Соловьев А.Б., Ценгров Е.Е. Допрос на предварительном следствии. – М. 1986.С.9.
4. Розовский Б.Г. Допрос обвиняемого. – Ровно 1979.с.10.
5. Карнеева Л.М. Судебная этика и тактика допроса.- Советская милиция, 1976, № 4.
6. Ш.Е.Әмитов, М.Т.Сатыбалдинов, С.Ж.Сембиев, А.Қ.Ибраева Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі: Алматы: ҚР ІІМ Академиясы ҒЗЖРБЖҰБ, 2007 жыл

*Атаханова Гүлзагира Махатовна
Әл-фараби атындағы ҚазҰУ қылмыстық құқық,
қылмыстық іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының доценті, з.ғ.к.*

ПАЙДАКҮНЕМДІК ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ БІР ТҮРІ

Түйіндеме. Бұл мақалада қылмыстық құқық саласындағы пайдакүнемдік қылмысын, оның қоғамдағы ерекшелігін, әлеуметтік-экономикалық жүйедегі мазмұны ашылып жазылады. Сонымен бірге, қылмыстық

Ғылыми басылым

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ
ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ БАҒЫТТАРЫ:
ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ»**

атты з.ғ.д., профессор К.Х. Халиковты еске алуға арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (жыл сайынғы Халиков оқулары)

МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ақпан 2013 жыл

ИБ № 6374

Басуға 04.04.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.
Көлемі 19,5 б.т. Оффсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 482.

Таралымы 40 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

